

**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік Медицина
университеті**

Студенттің өзіндік жұмысы

**Дисциплина: Жалпы экономикалық теория
ТАҚЫРЫБЫ: Аралас экономика-қазіргі
қоғамдық өндіріс қызмет етуінің объективті
нысаны
ФАКУЛЬТЕТ: Жалпы медицина
ОРЫНДАҒАН: Қосымаева Көркем
ТЕКСЕРГЕН: САҒИДУЛЛИНА МӘНШУК
ТОБЫ: 116А**

Жоспар:

1) КІРІСПЕ:

2) НЕГІЗГІ БӨЛІМ:

А) Аралас экономика жүйесі және оның басты ерекшеліктері

Б) Аралас экономикалық мемлекеттер

С) Аралас экономика қалыптасуының материалдық-техникалық негізі

3) ҚОРЫТЫНДЫ:

4) ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Аралас экономика жүйесі және оның басты ерекшеліктері

- *Аралас экономика жүйесінің басты ерекшелігіне келсек, мұндай экономикалық жүйеде жоспарлы экономиканың элементтері нарықты экономиканың элементтерімен қатар қалыптасады және қандай да болмасын әлеуметтік-экономикалық даму негізін салады. Аралас экономика жүйесінің басты негізі – жартылай мемлекеттік, жартылай жекеменшік жүйесі болып келеді. Мысалы, Швецияда, жалпы Скандинавия елдерінде аралас экономика жүйесі өткен ғасырлар бойы дамып келеді. Соның негізінде осы елдерде аса жоғары деңгейде әлеуметтік-экономикалық даму қамтамасыз етіліп, нақтылы өмір жүзінде көрсетіліп отыр.*

- *Екінші жағынан, болып жатқан өзгерістерді айтқанда қоғамдық өндіріс түріндегі өзгерістерді көшіруге болмайды. Олар, жай ғана модификация емес, басқа мазмұнға, жағдайға өту. Бұл өзгерістер машиналарды енгізу, ірі өнеркәсіптің нәтижесі, содан кейін қоғамдық өндірістің индустриялануы капитализм шеңберінде ұжымдық өндірістің өмірге объективті келуін қамтамасыз етті. Нәтижесінде қоғамдық өндіріс машинаға сүйеніп өз бойында қарама-қарсы екі тенденцияны қосады, кәсіпорындар мен өндіріс салаларының оқшаулануы және өзара байланыстылығы. Тауарлы өндірістегі ұжымдық қатынастарды немесе ұжымдық өндірістегі тауарлы қатынастардың қоғамдық өндірістің бір түрінен екіншісіне ауысып өтпелі жағдайын білдіреді. Қоғамдық өндірістің бұл өтпелі жағдайы нарықтық қатынас дамуының жаңа сатысын – аралас экономиканы туғызады.*



Тауарлы өндіріс – аралас экономика, өйткені мұнда ұжымдық өндіріс қалыптасады, біреуінің заңдылықтары басқасына айналады. Аралас экономика қызметінің ерекшелігі, тауарлы өндіріс заңдылықтарына негізделген ұжымдық өндірістің заңдылықтарының әрекеті сипатымен байланысты. Экономикалық қатынастар дамуының табиғи-тарихи процесі меншіктің түрлі формаларының басын қосады. Шаруашылықты жүргізудің бір тәсілі табиғи жолмен басқа тәсіліне ауысып отырады.

Сүт- тауарлы фермасы



- *Аралас экономиканы түрлі өндіріс әдістері арасындағы кедергі, ол мемлекеттік жеке кәсіпкерлер ісіне араласуынан болады деп қарамау керек. Аралас экономиканы көп укладтылықпен теңестіру де қате көзқарас. Әр түрлі укладтар түрлі дамыған өндіріс әдістерінде болады. Айталық, дамыған капитализмде феодалдық жер пайдалану, ұсақ тауарлық шаруашылықтың қалдықтары болады, бірақ осының себебінен капиталистік өндірістің қатынастардың негізіне аралас экономиканы кіргізу тауарлы өндірістің капитализмді туғызғанымен бірдей, керісінше емес. Аралас экономиканы формациялық емес деп қарау да күмәнді. Мұндай көзқарас азиаттық өндіріспен ұштасады, оған маркстік-лениндік формация жүйесінде орны табылмаған белгілі. Шын мәнінде бұл көзқарас қоғамдық қатынастарға үстірт қараудан шығады. Егер бұл құбылыс капитализмде емес, социализмде де емес десек, онда ол информациялық құбылыс бола алмайды. Мұндай көзқарас қоғамдық даму барысындағы процестерді көрсете алмайды.*

Аралас экономика — экономиканың мемлекеттік, кооперативтік жеке меншік нысандарына негізделген шаруашылықты жүргізу жүйесі. Әлемде Аралас экономиканың бірнеше типі қалыптасқан:

- 1 Өнеркәсібі дамыған АҚШ, Ұлыбритания, ФРГ, Жапония, Франция сияқты елдер постиндустриалдық Аралас экономикаға ауысуда;
- 2 Шығыс Еуропа және ТМД елдері мемл. қоғамдық құрылыстан постсоциалистік аралас қоғамға ауысуда. Бұл елдердегі түрлі нұсқадағы нарықтық экономикаға ауысу оның даму дәрежесін әр түрлі қалыптастырып отыр;
- 3 Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде жаңа индустриялық Аралас экономиканың даму процесі жүруде және олардағы капитал нарығында мемл. бақылаудың икемді формалары, өнеркәсіптің жаңа салалары дамып өркендеуде;
- 4 Үндістандағы нарықтық өзгерістер Аралас экономикада өзіндік ұлттық ерекшеліктер болатындығын көрсетті. Бұл елде инвестициялық жоспарлау мен оны ұтымды орналастыру арқылы мемл. меншіктің алуан түрлі нысандары пайда болуда. Бірақ капитал нарығы мен мемл. кәсіпорындар бәсекелестігінің нашар дамуы ойдағыдай тиімділікке жеткізе қойған жоқ.
- 5 Латын Америкасы елдерінде жекешелендіру қарқынына қарамастан мемлекеттік экономикаға араласуы, макротұрақтандыру тиімділігін өсіріп, белсенді әлеуметтік саясат жүргізу үстемдік алуда.

- **Әр түрлі елдердің қазіргі экономикасын аралас экономика деп сипаттауға болады, бірақ АҚШ-ң немесе ГФР-ң экономикасын өтпелі деп айтуға келмейді. АҚШ-ң, ГФР-ң экономикасы өз бойына тауарлы және ұжымдық қатынастардың заңдылықтарын жинақтағанымен, оларда туып келе жатқан қоғамдық-экономикалық құрылыстың экономикалық укладтары жоқ. Сондықтан біз АҚШ-ң немесе ГФР-ң қазіргі экономикасын өтпелі экономика дей алмаймыз. Жаңа экономикалық жүйенің алғы шарттары және жаңа жүйе бір-бірінсіз өз бетімен дамитын ерекше эмбрион сияқты. Зерделеп отырған құбылыстың белгілерін атау қиын емес, өйткені оларды бұрынғы ғалым-экономистер өз түсінігі бойынша айқындады. Ғылыми әдебиетте олар монополистік капитализмнің немесе индустриалды қоғамның, болмаса басқа бір концепцияның белгілі сипаттары ретінде көрінеді. Осы алғы шарттар аралас экономика ұғымын анықтады және ұжымдық өндірістің барлығын, оларға тән заңдар, заңдылықтар мен қатынастарды сипаттайды.**

Аралас экономика нарықтық қатынастарды жасаудың жолы

- АРАЛАС ЭКОНОМИКА ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЖАҢА ТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ РЕТІНДЕ ҚАЗІРГІ ӨНДІРІСТІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА ТӘН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ. АРАЛАС ЭКОНОМИКА ҰҒЫМЫНСЫЗ ҚАЗІРГІ ШАРУАШЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ҚҰНДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ НЕМЕСЕ ЖОСПАРЛЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН НЕГІЗДЕЙ АЛМАЙДЫ. МҰНДАЙ СИПАТТАМА ҚАЖЕТ, БІРАҚ ОЛ ҚАЗІРГІ ӨНДІРГІШ КҮШТЕРДІ МАНИФАКТУРАЛЫ, МАШИНАЛЫ, ИНДУСТРИАЛДЫ, ПОСТИНДУСТРИАЛДЫ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУ ДӘУІРЛЕРІН АНЫҚТАҒАНДА ОЛАРҒА ТӘН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ СИПАТТАУ ДА ҚАЖЕТ.

Сонымен

қатар

- Қазақстан Республикасының нарықтық экономикасы жылдан жылға даму үстінде. Сонымен қатар, шаруашылық процесті реттейтін негізгі механизм – бәсекелестік те дамып келеді. Осыған байланысты, берілген курстық жұмыстың актуалдығы мынада: қазіргі кезде мекеменің өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін басқарушылық персоналға өзінің мекемесімен қатар потенциалды бәсекелестердің қаржылық жағдайын бағалау керек. Қазіргі экономикалық жағдайда мекеменің қаржылық жағдайын бағалап, талдап отыру өте маңызды. Қаржылық жағдай -мекеменің экономикалық қызметінің маңызды сипаттамасы. Ол мекеменің бәсеке қабілеттілігін анықтайды, іскерлік келісімдерде потенциалын, сол мекеменің және әріптестерінің қаржылық және өндірістік қатынастағы экономикалық қызығушылығы қандай дәрежеде кепілдендірілгенінің бағалайды. Бірақта, бір ғана бағалаудың өзі мекеменің үздік қызмет етуі мен алға қойылған мақсаттарға жету үшін жеткіліксіз. Мекеменің иелігіндегі қаржылық ресурстар мен капиталдың қозғалысын дұрыс басқару нәтижесінде ғана бәсеке қабілеттілігі қамтамасыз етіледі.

- **Ұжымдық өндіріс шаруашылықты жүргізу типі ретінде тарихи жағынан таза күйінде алғашқы қауым құрылысының бастапқы кездерінде де болған жоқ. Ол туралы натуралды, одан кейін тауарлық өндірістің оқшауланған кезінен ғана айтуға болады. Капитал феодалдық қоғамның даму барысында укладтың бірі ретінде тек еңбекті қамтып қоймай, ұсақ қолөнер өндірісін өзгертіп, оны жоғары , өндірістің түрі- кооперация. Кооперативтік еңбектегі барлық артықшылық капиталистік өндірістің ұсаққа қарағанда артықшылығы болып көрінеді. Кооперацияның өзі капиталистік шаруашылықтың ерекше түрі.**

- *Өндіргіш күштердегі, өндірістегі өзгерістер меншіктің жаңа түрінің-ұжымдықтың пайда болуына әкеледі. Меншіктің жаңа түрінің өмірге келуі бұрынғылардың ішінде жаңа қатынастарды қалыптастырады. Бұрынғылардың негізінде жаңа құбылыстардың өзара байланыстарын қайта өзгерту жүйесі жетіспейтін түрлер мен тәсілдердің табысуы арқылы жүреді. Мұның бәрі жаңа құбылыстың қалыптасқандығын көрсетеді. Ол өз бойында қоғамдық өндіріс түрінің бұрынғы заңдылықтары (тауарлы) және жаңасын (ұжымдық) сіңіреді. Бұл жаңа құбылыс - **аралас экономика**.*

Қорытынды:

АРАЛАС ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ НҰСҚАНЫ ҚҰРУДАҒЫ КЕЗЕҢНІҢ МАЗМҰНЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ. ЖОҒАРЫДА ҚАРАЛҒАН АРАЛАС ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ – ОСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕ ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР, ҮЛГІ МЕХАНИЗМДЕР, НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ҚАЛЫПТАСАДЫ. ОЛ ЖҮЙЕДЕ БҰЛ ҚАТЫНАС, ӘСІРЕСЕ МЕНШІК ҮЛЕСІ, ДӘЛ, НАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРІЛІП, СОЛ ДЕҢГЕЙДЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, АТАП АЙТСАҚ, МЫСАЛЫ ЖҮЗ ЖЫЛ БОЙЫ СКАНДИНАВИЯ ЕЛДЕРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШВЕЦИЯ МЕМЛЕКЕТІ ОСЫНДАЙ АРАЛАС ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫП, ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ӨРКЕНДЕУ, ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІН ІС ЖҮЗІНДЕ КӨРСЕТІП КЕЛЕДІ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ АРАЛАС ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДА СОЦИАЛИСТІК ЕЛДЕР ДЕ КЕЗДЕСІП ОТЫР. БҰЛ ЖЕРДЕ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН АЙТУЫМЫЗҒА БОЛАДЫ. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТӘЖІРИБЕГЕ СҮЙЕНСЕК, ОЛ АСА ІРІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ОСЫНДАЙ ЖҮЙЕ МЕХАНИЗМІН ҚОЛДАНҒАН ОСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЕЛДЕРДЕ ЖАЛПЫ ДАМУЫ АСА ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫ МӘЛІМ. ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ МЕН ОСЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫМДА АРАЛАС ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІН, ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН, МӘНІН, ЕРЕКШЕЛІГІН СИПАТТАП ЖАЗДЫМ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘБИЕТТЕР:

- **1 К. Р. Макконнелл, С.Л. Брю, 14-издание, «Экономикс», Москва – 2003.**
- **2 Шеденов Қ. «Жалпы экономикалық теория» Ақтөбе – 1999**
- **3 Я.Ә. Әубәкіров, Б.Б. Байжұмаев, Ф.Н. Жақыпова, Т.П. Табеев «Экономикалық теория», оқу құралы**
- **4 С.С.Сахариев, А.С.Сахариева «Жаңа кезең – экономикалық теориясы» (оқулық), Алматы «Данекер» 2004ж.**